

Әл-Фараби атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Ғылыми-әдістемелік кеңесінің

мәжілісінде бекітілген

оқу ісі бойынша проректор

Хикметов А.К.

Хаттама № _____

«__» _____ 2020 жыл

**6D090900 «ЛОГИСТИКА (САЛАЛАР БОЙЫНША)» мамандығының
доктарантураға түсушілерге арналған емтихан бағдарламасы**

АЛМАТЫ 2020

ЛОГИСТИКА (САЛАЛАР БОЙЫНША) мамандығы бойынша бағдарлама
Мемлекеттік жалпы білім беру стандартына сәйкес құрастырылған.
Бағдарламаны құрастырған: э.ғ.к., доцент м.а. Баймуханбетова Э.Е.

Бағдарлама «Бизнес-технологиялар» кафедрасының мәжілісінде қарастырылған

Хаттама № _____ « _____ » _____ 2020 ж.

Кафедра меңгерушісі _____ э.ғ.к, доцент Ахметова З.Б.

ЭЖБЖМ әдістемелік бюросының мәжілісінде мақұлданған

Хаттама № _____ « _____ » _____ 2020 ж.

Әдістемелік бюроның төрайымы _____ э.ғ.к., доцент Султанова Б.Б.

Экономика және бизнес
жоғары мектебінің деканы _____ э.ғ.к., доцент Сагиева Р.К.

Хаттама № _____ « _____ » _____ 2020 ж.

Ғалым хатшы _____ э.ғ.к., доцент Смагулова Г.С.

Мазмұны

1. Мамандық бойынша түсу емтиханының мақсаты мен міндеттері

Түсу емтиханының мақсаты – «Логистика» мамандығы бойынша PhD докторантура бөліміне түсуші талапкердің теориялық және тәжірибелік білім деңгейін және логистика мамандығын даярлау бағыты бойынша қойылатын талаптарға талапкердің білім деңгейінің, дағдыларының, ойлау қабілетінің сәйкестілігінің деңгейін анықтау.

Түсу емтиханының негізгі міндеттері:

– болашақ докторанттардың ақпаратты іздестіру, өңдеу және нақтылау мүмкіншіліктерін бағалау;

– логистиканың ғылыми саласы бойынша теориялық даярлығын және ғылыми-техникалық ақпараттар ағымын басқарып инновациялық жетістіктерді қолдану мүмкіншілігін анықтау;

– түсушілердің докторантура бағдарламасы бойынша білім алу туралы жеткілікті деңгейде таныс болу сапасын анықтау;

– бағдарламаларға түсушілердің заманауи ақпараттық технологияларды қолдана алу деңгейін бағалау;

– түсушілердің докторантура бағдарламасы бойынша білім алуға деген ынтасын бағалау.

Қабылдау емтиханының нысаны – жазбаша. Емтихан тапсырушылар өз жауаптарын жазбаша жауап парақтарына жазады, ол өз кезегінде емтихан комиссиясымен шифрланған түрде тексеріледі.

Апелляция болған жағдайда қарастыру үшін жауап қағазындағы жазбалар негіз болады.

2. PhD докторантураға түсуші тұлғалардың даярлық деңгейлеріне қойылатын талаптар

Докторантураның білім беру бағдарламаларын меңгергісі келетін тұлғалардың алдыңғы білімінің минималды деңгейі – магистратура.

Жоғарыда көрсетілгендерге сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мамандықтары, оның ішінде шетелдік жоғары оқу орындарының мамандықтары.

Докторантура бағдарламасына түсуге талпынып отырған үміткер докторантурада оқуға және логистика саласы бойынша зерттеушілік іс-әрекетке даяр болуы тиіс. Үміткер зерттеудің заманауи әдістерінің алуан түрлі жинағын меңгерген, сонымен қатар түрлі есептеулерді жүргізу үшін арнайы компьютерлік бағдарламаларды қолдана білуі тиіс. Сонымен қатар үміткер келесідегідей ғылыми-әдістемелік қабілеттерге ие болуы тиіс:

– зерттеудің мәселесін, мақсаты мен міндеттерін тұжырымдау;

– зерттеудің міндеттеріне сай зерттеу әдістерін таңдау;

– заманауи технологияларды қолдана отырып ақпараттық-талдау және ақпараттық-библиографиялық жұмыс жүргізу;

– жинақталған ақпаратты талдап, алынғын нәтижелерді түсіндіру;

– атқарылған зерттеу жұмыстарын заманауи талаптарға сай рәсімделген есеп, реферат, мақала түрінде ұсыну.

3. Білім беру бағдарламасының пререквизиттері

«Логистика» мамандығы бойынша докторантура бағдарламасының пререквизиттеріне келесі пәндер жатады:

- 1) Логистика – 3 кредит.
- 2) Көлік логистикасы – 3 кредит.
- 3) Жаһандық логистика – 3 кредит.

4. Емтихан тақырыптарының тізімі

«Логистика» пәні

1. Логистика түсінігінің маңыздылығы, тұжырымдамалары мен қағидалары. Логистиканың шығу және даму тарихы. Логистика эволюциясы.

2. Логистиканың интегралды тұжырымдамасы. Логистиканың даму себептері. Логистика түсінігінің анықтамасы.

3. Логистика жүйедегі материалдық және ақпараттық ағымдарды басқару процесі ретінде. Материалдық ағымдарды басқару. Өндірістік-коммерциялық ағым. Логистиканың даму бағыты. Бизнестегі логистика.

4. Логистиканың қызметтері. Логистиканың міндеттері. Логистиканың зерттеу объектісі.

5. Логистиканың даму сатылары. Логистика қолданудағы экономикалық тиімділік. Логистика қолданудағы экономикалық тиімділіктің құрамы.

6. Логистиканың алты ережесі. Жүк, сапа, көлем, уақыт, орын, шығындар. Логистикалық қызметтің мақсаты.

7. Маркетинг пен логистиканың өзара байланысы. Логистикалық интеграция. Маркетингтік микс пен логистиканың өзара әрекеттесуі.

8. Логистиканың тұжырымдамасы. Логистика қағидалары: жүйелілік, кешенділік, ғылымилық, нақтылық, құрылымдылық, сенімділік пен варианттілігі.

9. Материалдық ағым түсінігі. Материалдық ағым көлемділігі. Материалдық ағым түрлері. Материалдық ағымның классификациясының негізгі алғышарттары: логистикалық байланысқа қатысты, номенклатура бойынша, жүк көлеміне байланысты, көлемдік сипатына қарай, сәйкестігіне қарай, жүктің консистенциясы бойынша, уақыттың үзіліссіздігіне қарай.

10. Логистикалық операциялар. Логистикалық операция түсінігі. Логистикалық операция түрлері: сыртқы және ішкі.

11. Логистикалық жүйе түсінігі. Логистикалық жүйе түрлері: микрологистика және макро логистика. Логистикалық жүйелердің алғышарттары. Логистикалық жүйелердің құрылу қағидалары.

12. Сатып алу логистикасының маңыздылығы. Сатып алу логистикасының міндеттері. Жұмылдыру қызметі макрологистикалық жүйенің

элементі ретінде. Жұмылдыру қызметі микрологисткалық жүйенің элементі ретінде.

13. Жұмылдыру қызметінің функционалдау тиімділігі. Жұмылдыру қызметінің қызметтері. Жұмылдыру қызметінің талаптары.

14. Жеткізушіні таңдау міндеттері. Потенциалды жеткізушілерді іздеу. Потенциалды жеткізушілерді талдау. Оптималды жеткізушіні таңдау. Жеткізушілермен жұмыстың нәтижелерін бағалау. Жеткізуші рейтингісін анықтау. «Дер кезінде» логистикалық тұжырымдамасы.

15. Өндірістік логистика түсінігі. Өндірістік логистика тұжырымдамасы. Ішкі өндірістік логистикалық жүйелер.

16. Сапалық икемділік түсінігі. Сапалық икемділікті қамтамасыз ету әдістері. Өндірістік күштің қоры.

17. Итеруші және тартушы жүйе, өндірістік логистикадағы материалдық ағымдарды басқару. Аталған жүйелердің түсінігі. «Канбан» микрологистикалық жүйесінің тұжырымдамасы: түсінігі мен қызметі.

18. Өндірісте материалдық ағымдарды басқаруға логистикалық алғышарттарды қолдану тиімділігі. Қорларды оптимизациялау. Материалдарды жоғалтуды төмендету.

19. Бөлу логистикасының түсінігі. Бөлу логистикасының міндеттері. Бөлу логистикасының зерттелу объектісі. Макродеңгей мен микродеңгейдегі бөлу логистикасының міндеттерінің құрамы.

20. Дистрибутивті каналдар мен жүйелер. Логистикалық канал мен логистикалық байланыстың түсінігі.

21. Логистикалық сервистің түсінігі мен жүйесі. Логистикалық сервистің объектісі. Логистикалық қызмет көрсетудің деңгейі.

22. Логистикалық қызмет көрсетудің критерилері. Жеткізу сенімділігі: факторлары мен түсінігі, осы критерилерге әсер етушілер. Жеткізу икемділігі. Тапсырысты алудан тауар партиясын жеткізуге дейінгі толық уақыт.

23. Сервистің сапасын өлшеудің негізгі компоненттері. Өзектілігі, сенімділігі, жауапкершілігі, аяқталуы, қол жетімділігі, қауіпсіздігі. Логистикалық сервис деңгейінің оптималды көлемін анықтау.

24. Логистикалық менеджменттің ұйымдастырушылық аспектісі. Ұйымдық логистикалық құрылымдардың даму сатылары. Логистикалық жүйенің типтік ұйымдық-функционалдық құрылымы. Интегралды логистикалық менеджерлердің типтік функциялары.

25. Логистикалық талдау. Логистикалық талдау бағыты: мақсаты мен міндеті бойынша, аспект бойынша, бағдарламаның мазмұны бойынша, объекттер деңгейі бойынша, өткізу субъектісі бойынша, кезеңділік пен қайталануына қарай, қабылданған шешімдер бойынша.

1. Логистикалық шешімдерді орындау көрсеткіштерінің сипаттамасы. Логистикалық стратегиялық басқару. Стратегиялар түрлері. Диверсификация түрлері.

2. Логистикалық жүйелердің дамуындағы экономика жаһандануының рөлі. Интеграциялық бірігу нысандары мен олардың сипаттамалары. Жаһандық логистикалық менеджмент. Жаһандық логистикалық менеджменттегі кедергілер.

3. Жаһандық логистикадағы делдалдар: халықаралық экспедиторлар, көліктік компаниялар, эксперттік операциялар басқарумен айналысатын компаниялар, сыртқы саудамен айналысатын компаниялар мен басқармалар, брокерлік және агенттік фирмалар, экспорттық-импорттық операциялардағы тауардың орамымен айналысатын компаниялар және тағы басқалары.

4. Жаһандық логистикалық жүйелердегі экспорттық-импорттық операциялар. «Инкотермс - 2010» негізгі ережелері.

5. Логистикалық тізбектің жобалануы мен ұйымдастырылу негізі. Жеткізу тізбегінің ұйымдастырылу және жобалануы аясындағы негізгі түсініктер. Пәннің зерттелу объектісі. «Жеткізу тізбегі» - «Supply Chain», «Логистикалық тізбектерді ұйымдастыру», «жеткізу тізбегін басқару» - «Supply Chain Management», «Логистикалық жобалау». Жүйелік тәсілге қарай логистикадағы жеткізу тізбегінің ұйымдастырылу және жобалаудың негізгі міндеттері мен қызметі. Тауарды өткізу жүйесі көлеміндегі интеграция және серіктестік. Динамикалық жеткізу тізбегінің құрылуы және құруда кездесетін қиындықтар. Оптималды функцияналдау мақсаты мен критерилері. Алғышарттары мен даму сатылары. ҚРдағы және шетелдегі жеткізу тізбегін басқару мен ұйымдастырудың ерекшеліктері.

6. Жеткізу тізбегінің функционалдау қағидалары. Жеткізу тізбегіндегі ұйымдастыру мен жобалаудың негізгі компоненттері. Жеткізу тізбегінің өміршеңдік қағидалары. Стратегиялық болжамдаудың жүзеге аспау себептері. «Қамшы әсері» - «Bullwhip effect». Динамикалық ақпараттық жүйелердің пайда болуы. Тез әсер ету логистикасы. Диапазондық болжамдау. Стандартизация. Өнімнің вариабельділігінің төмендеуі. «Нақты көшір» қағидасы. Параллельді процестерді қолдану. Жеткізу тізбегіндегі «мерзімін ұзарту (отсрочка)» стратегиясы. Кәсіпорын мен делдал арасындағы тәуекелді бөлу. Табысты қайта бөлу. «Бөлінген құндылықтар туралы» келісім-шарт.

7. Логистикадағы бизнес-процестердің интеграциясы. Жеткізу тізбегіндегі жүзеге асатын бизнес-процестер, олардың байланыстарының түрлері. Жеткізу тізбегінің жұмысын жоспарлау. Жеткізушілермен өзара қатынасын басқару. Жеткізушіні таңдаудағы тәуекелдерді бағалау. Жеткізушілермен қарым-қатынастағы икемділік. Альтернативаны таңдау: бір немесе одан да көп жеткізушілер, олармен қарым қатынастың тығыздығы немесе алшақтығы. Европалық және шығыстық көз қарас. Компанияның тәжірибесі. Жеткізушілер интеграциясының нысандары. Өнімді коммерциялық пайдалануға дейін жеткізу. Тұтынушыға бейімделу. Компанияның пайдалылық моделі. Логистикалық сервис. Тәуекелдерді бөлу. Жеткізу тізбегінде

персоналды басқару. Корпоративтік мәдениет. Кадрлық менеджменттің философиясы.

8. Логистикалық жобалау. Логистикалық жобалаудың түсінігі. Осы процесстің негізгі қатысушылары. Логистикалық жобалау кезінде ескерілетін аспектілер. Логистикалық жобалаудың негізгі элементтері. Нақты құрылымды таңдау. Логистикалық тізбектің функционалдау көрсеткіштерін өлшеу мен бағалау.

9. Жеткізу тізбектеріндегі басқару. Жеткізу тізбегін басқарудағы жалпы шығындардың тұжырымдамалары. Дәстүрлі және заманауи әдістер. Жалпы шығындардың элементтері мен оларды өлшеу. Сатып алудың өзіндік құнының көрсеткіші. Жалпы шығындардың индексі. Шығындарды тиімді басқаруға әсер ететін факторлар. Шығындық және жалпы баға орнату. Бағаның қалыптасуына деген шығыстық және еуропалық көз-қарас. Шығындарды стратегиялық басқарудағы қаржылық нәтижелер.

10. Жеткізу тізбегінің тұрақтылығы ретіндегі сапаны басқару. Сапа қызметінің эволюциясы. Логистика мен сапаның өзара байланысы. Сапа моделі. Сапа спиралы. Сапаның тік және көлденең тізбекті функциялары. Сапа көрсеткіштері. Сапаны жалпылай басқару (TQM). Сапаның жапондық философиясы. 70/20/10 Ережесі. Сапаны бақылаудың статистикалық әдісі. Парето диаграммасы, К. Исикаваның себеп-салдар диаграммасы, бақылау карталары, гистограммалар. ISO- 9000 Халықаралық стандарты және М. Болдриджа сапасы бойынша сияқылар. Бенчмаркинг. Жеткізушілер сертификациясы.

11. Халықаралық экономика дамуының логистикалық бағыты. Халықаралық логистика. Халықаралық логистиканың дамуы. Халықаралық логистиканың рөлі мен оның ерекшеліктері. Халықаралық логистика жүйесінің түсінігі мен классификациясы. Әлемдік экономика эволюциясы нәтижесіндегі логистикалық жүйелердің өзгеруі.

12. Интеграциялық логистика аясындағы халықаралық және аймақтық өзара әрекет. Азиаттық, еуропалық мемлекеттердің логистикалық өзара әрекеті. Еуропа, Азия және Америкадағы логистикалық нарық. Халықаралық логистикаға қоршаған орта факторларының әсер етуі. Логистикалық шығындарды талдау. Халықаралық логистикалық қарым- қатынасты қолдап және дамытып отыратын компаниялардың сипаттамасы. Жаһандық логистикалық жеткізу тізбегін модельдеу. Аймақтық және аймақаралық қоймалардың санын оптимизациялау. Виртуалды логистикалық жүйенің модельденуі. Дистрибутивті жүйе құрылымының өзгеруі.

13. Халықаралық-интеграцияланған ұйымдардағы логистикалық жүйе. Логистикалық тізбектің құрылуы мен жұмысына әсер ететін факторлар. Ірі кәсіпорындардағы логистиканың ұйымдастырылуы. Ұйымның ұйымдастырылу жүйесі мен әкімшілік ұйымдастырылуын дайындау. Жеткізу тізбегін басқару және компаниялардағы логистикалық операциялардың интеграциясы. Логистикалық жүйе үшін серіктестерді таңдау мен талдау. Сыртқы логистика, ERP жүйесі және аутсорсинг. Ұйым персоналын логистикалық басқару. Логистикалық жүйедегі трансұлттық корпорациялар. Қаржы-өндірістік

топтардағы логистикалық жүйе. Еркін экономикалық зоналардағы логистика. Бизнес-процестердің реинжинирингісі. Логистикалық жүйенің жобалау мен жоспарлау. Логистикалық қызмет тиімділігін бағалау параметрлері. Логистикалық жүйедегі бақылау мен стратегиялық басқару. Логистикалық жүйедегі шығындарды және қаржылық ағымды басқару. Ірі логистикалық жүйедегі тәуекелдерді басқару. Маркетинг логистикасы мен бөлу саясатының байланысы.

14. Халықаралық экономикалық коммуникациялар. Сауда, өндірістік қаржылық, ғылыми-техникалық коммуникациялар. Тұтынушылық пен халықаралық көліктік мүмкіншіліктер. Халықаралық көліктік логистикалық жүйелер. Халықаралық көліктік коридор жүйесі. Су көлік жүйесінің коридор ерекшеліктері. Халықаралық темір жол, автомобильді және авиациялық маршруттар көліктік жүйесі. Халықаралық көліктік коридордың бәсекелік бағыттағы дамуы. Халықаралық логистикалық жүйедегі заманауи тасымалдау технологиялары. Интермодальді және аралас тасымалдау. Халықаралық көліктік ағымдардың телекоммуникациялық және ақпараттық қамтамасыз ету.

15. Халықаралық логистикалық менеджмент. Заманауи халықаралық бизнестегі логистикалық менеджменттің маңызы мен рөлі. Менеджменттің логистикалық тұжырымдамалары мен қайнар көздері. Бизнес-процестері, функциялары мен базалық операциялар. Логистикалық менеджменттің ұйымдық құрылымы. Нәтижелерді бағалау жүйесі. Қорларды басқару мен иелену. Халықаралық логистикалық менеджменттің ақпараттық қамтамасыз ету. Білімді басқару мен алмасу. Шешім қабылдау принциптері мен негізі. Маркетинг пен логистика функцияларының өзара байланысы. Ұйымдағы логистиканың бөлімшелері мен жұмысын ұйымдастыру. Логистикалық бөлімшені ұйымдастырудың ұйымдық құрылымы.

16. Логистикалық қызметті қамтамасыз ету мен ақпараттық басқару. Халықаралық логистиканы ақпараттық қолдау. Ақпараттық логистикалық бағдарламалар мен жүйелер. Халықаралық қызмет саласындағы логистикалық қызметті ақпараттық қамтамасыз ету. Ақпараттық қауіпсіздікпен қамтамасыз ету. Халықаралық интеграцияланған логистикалық жүйедегі сыртқы ақпараттық қызмет көрсетулер.

17. Логистикалық жүйедегі экспортты, импортты операциялар. Сауда операцияларын жүзеге асырудағы халықаралық ережелер. Сыртқы экономикалық қызметтегі тауарлы номенклатура. Кедендік жасаудың, тасымалдау және жүкті экспедициялауды ұйымдастыру. Қорларды басқаруды, сатып алу және қамсыздандыруды ұйымдастыру. Қоймалық қызметті жүзеге асыру мен қоймаларды орналастыру. Халықаралық логистикалық жүйе бойынша өнімді бөлу мен өткізу. Өртүрлі елдерде тауарлар мен қызметтердің экспорты мен импорт ерекшеліктері және жеткізу ережелері мен мүмкіндіктері. Экспортты және импортты операциялардың құжаттық рәсімделуі. Кіргізілетін және шығарылатын тауарлардың кедендік шығындары. Кедендік басқылау арқылы тауарларды жеткізу мен қайта өңдеу. Жүк пен көлікті сақтандыру.

18. Логистикалық қызметтер. Логистикалық жүйені ұйымдық қамтамасыз ету, логистика қызметі мен логистикалық делдалдар. Халықаралық

логистикадағы делдалдық ұйымдар, олардың функциялары мен қарым қатынасы. Логистикалық қызмет пен қызмет көрсет етуін қамтамасыз ету. Орныдаушыларды тарту – халықаралық интеграцияланған ұйымдардағы логистикалық аутсорсинг. Қызмет пен сервисті жоспарлау. Консультанттар мен жеткізушілерді іріктеуді жүргізу. Шығындарды болжау мен логистикалық шығындар. Логистикалық қызметтегі консалтингтік қызметтер. Логистикалық қызметтегі өзара әсер интерфейсін ұйымдастыру. Логистикалық компаниялар мүмкіндіктерін делегирлеу. Подрядчиктер қызметін түзету мен бақылауды қамтамасыз ету.

19. Халықаралық логистикалық қызметтің құқықтық қамтамасыз етілуі. Халықаралық логистикалық басқаруды құқықтық қамтамасыз ету. Сырқы экономикалық қызметті мемлекеттік реттеудің әдістері. Қлттық және экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Жүкті халықаралық және ішкі тасымалдаудың құқықтық аспектілері. Келісім шарттарды реттейтін нормативтік акттардың ережесі мен құқықтық реттеудің қайнар көздері. Тауарлар мен шикізатты жеткізу туралы келісім шарттардың құрылымы мен мазмұны. Кедендік заңнамалар мен кедендік режим. Жүкті тасымалдаудың халықаралық ережесі. Сыртқы сауда операцияларды бақылау.

20. Басқару жүйесіндегі тәуекелдердің орны мен бағалау рөлі және мағынасы. Тәуекел экономикалық категория ретінде. Экономикалық тәуекелдердің маңызы мен мазмұны. Логистикалық тәуекелдерді басқарудың модельдері. Логистикадағы тәуекелдердің түрлері. Жеткізу тізбегіндегі логистикалық тәуекелдерді басқарудың модельдері. Белгісіздік пен тәуекелдер жағдайында шешім қабылдау. Толық белгісіздік жағдайында шешім қабылдаудың классикалық критерилері. Белгісіздік жағдайында тәуекелдерді талдаудың өндірістік және құрамдық критерилері.

21. Логистикалық тәуекелдерді бағалау мен талдау. Жеткізу тізбегіндегі логистикалық тәуекелдерді бағалау. Тәуекел жағдайында альтернативаларды салыстыру. Пайдалылық тұжырымдама негізінде логистикалық тәуекелдерді талдау. Жеткізу тізбегіндегі логистикалық тәуекелдерді басқарудағы шешімдер терегі әдісі.

22. Тәуекелдерге әсер етудің негізгі әдістері мен модельдері. Тәуекелге әсер етудің әдістері. Логистикалық тәуекелдерді диверсификациялаудың негізгі модельдері. Логистикадағы тәуекелдерден сақтаудың негізгі модельдері. Жүктерді сақтандыру. Экспедитор мен тасымалдаушының жауапкершілігін сақтандыру.

23. Тәуекелдерді басқарудың қаржылық аспектітері. Сауда және өндірістік компаниялардағы жеткізу тізбегіндегі логистикалық тәуекелдерді басқарудың қаржылық аспектітері.

24. Жаһандану және логистикалық жүйенің рөлі. Бизнестің жаһандануы бәсекеге өабілеттілікті жоғарылату факторы ретінде. Жаһандық логистикалық жүйенің түсінігі. Жаһандық логистикадағы делдалдар. Транчүлттық корпорациялар.

1. Көлік логистикасының түсінігі мен міндеттері. Көлік материалдық өндірістің саласы ретінде. Жалпыға ортақ және жеке тұтытудағы көлік. Көлік логистикасының міндеттері. Тасымалдауды интермодальді ұйымдастыру. Көлік коридорының түсінігі мен міндеттері. Көлік тізбегінің түсінігі мен пайда болуы.

2. Көлік түрін таңдау. Автомобильді, темір жол, теңіз, әуе, мұнайқұбырлы көлік түрлерінің артықшылықтары мен кемшіліктері. Көлік түрлерінің сипаттамалары. Көлік түрін таңдау.

3. Көлік түрін таңдауға ісер ететін факторлар. Жеткізу уақыты, жіберу жиілігі, жүкті жеткізу графигін сақтау, әртүрлі жүктерді тасымалдау мүмкіндіктері, жүкті кез келген аймаққа дейін жеткізу мүмкіндіктері, тасымалдау құны.

4. Рационалды маршруттарды құрастыру кезінде қолмен өзіндік есеп жүргізу методикасы. Қозғалыс маршрут түрлері: маятникті(маятниковой), айналымды(кольцевой), аралас.

5. Көліктік тарифтер және оларды қолдану ережелері. Тарифтердің негізгі түрлері: жалпы, жеке, жеңілдігі бар, жергілікті. Тасымалдау құнына әсер ететін факторлар.

6. ҚР-ғы көлік экспедициясының құқықтық негіздері. Экспедициялау қызметтері: тасымалдаушыны таңдау, жеткізуге байланысты құжаттармен жұмыс жасау, жеткізуді қадағалау, тарифтерді төлеуді визалау мен аудит, тасымалдаушы қызметін бағалау, тасымалдауды талдау. Қазақстан Республикасының көлігі.

7. Логистикадағы ақпараттық ағымдар. Ақпараттық ағым түсінігі. Логистикалық ақпарат. Ақпараттық қамтамасыз ету. Ақпараттық ағымдардың түрлері: логистикалық жүйеге байланысты, ақпаратты иеленушіге байланысты, ақпараттың шығу уақытына қарай, бағытына қарай, ашықтығы мен маңыздылық деңгейіне қарай. Ақпараттық ағымды сипаттайтын көрсеткіштер.

8. Логистикадағы ақпараттық жүйе. Логистикадағы ақпараттық жүйелердің түрлері. Микродеңгей мен макродеңгейдегі ақпараттық жүйелердің түрлері.

9. Логистикадағы ақпараттық-компьютерлік технологиялар. Базалық ақпараттық технологиялардың түрлері: микроэлектронды компоненттер, техникалық қамтамасыз ету, бағдарламалық қамтамасыз ету, телекоммуникациялар.

10. Материалды ағымдардың түсінігі. Материалдық қорлардың пайда болу себептері. Қорларды сақтау мен олардың сақталуына байланысты шығындардың негізгі түрлері материалдық қорларды жасау кезінде басқаруға алу қажет негізгі мотивтер.

11. Материалды қорлар түрлері. Қорларды классификациялаудың алғышарттары.

12. Қорларды бақылау жүйесінің жалпы сипаттамасы. Қорларды бақылаудың негізгі жүйелерін функционалдау механизмі.

13. Қорларды толықтыру үшін тапсырыс берілетін партияның оптималды көлемін анықтау. Жеткізу тауарларының оптималды көлеміне әсер етуші факторлар. Қорларды тұрақтандыру.

14. Логистикадағы қоймалау. Қоймалар, анықтамалары мен түрлері. Логистикадағы қоймалардың классификация қағидалары: логистиканың қызметіне қарай, сақтайтын өнім түріне қарай, өнімдік специализациясына қарай, меншік түріне қарай, логистикалық делдалдарға қарай, функционалдық бағытына қарай, механизациялау деңгейіне қарай, сыртқы жүріп өту жлдарына қарай, техникалық бағытына қарай, қабатына қарай.

15. Қоймалаудың артықшылықтары. Логистикадағы қоймалау рөлі. Қоймалау операциялардың механизациялау деңгейіне қарай бөлу. Матриалдық ағымның орын белгілеріне қарай шикізаттың шығу орнынан соңғы дайын өнімді тұтынушығы жеткенге дейінгі жалпы жылжу процессіндегі қоймаларды топтастыру.

16. Қойма қызметтері мен қойма операцияларының қысқаша сипаттамасы. Қоймалық технологиялық процесс. Қызмет ету зонасындағы қойманың оптималды санын анықтау. Шығындардың қоймалардың санына байланыстығы.

17. Жүкті қайта өңдеу. Жүкті анықтау. Жүк бірлігінің түсінігі. Жүк бірлігінің сипаттамасы.

18. Тара мен орамның рөлі. Орамның қызметі. Маркалау. Өнімді маркалау. Жүк бірлігі. Базалық модульдің түсінігі.

19. Мемлекет экономикасындағы ауыр жүк көлік жүйесінің орны мен рөлі. Көліктің халықаралық жүйедегі және жергілікті елдің экономикасындағы орны. Көліктік жүйенің эволюциясы. Жалпы, ведомствалық, және жеке тұтытудағы көлік түрлері. Көлік өнімі мен оның ерекшеліктері, көлікті ресурстық қамтамасыз ету. Жүктің әртүрлі түрінің тиеу, түсіру және тасымалдау шығындары. Біріңғай көлік жүйесі және көлік түрлерінің қызмет салалары. Логистикалық жүйесіндегі тауарды жеткізуде көліктің рөлі.

20. Заңдық акттер. Көлік түрлерінің қызметін реттейтін, жүк иеленушілер арасындағы қарым-қатынасты реттейтін, көліктік-экспедиторлық делдалдар мен көлік иелерінің қарым-қатынасын реттейтін, жүк тасымалдаудың ҚР Азамттық кодексі, көлік түрлерінің қызметі туралы заңдық актілер. Клиентура жауапкершілігі.

5. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиет

1. Бауэрсокс Дональд Дж., Клосс Дейвид Дж. Логистика: интегрированная цепь поставок / Пер. с англ. - М.: ЗАО «Олимп—Бизнес», 2001.
2. Есжанов С.К. Логистика в автомобильном транспорте. - Алматы, «Қазақ университеті». 2006.
3. Кушикбаев К.К., Мырзабекова К.А. Логистика негіздері / Алматы, Бастау, 2004. – 96с.
4. Миротин Л.Б., Ташбаев Ы.Э., Порошина О.Г. Эффективная логистика. –

М.: Экзамен, 2003. – 160с.

5. Внешнеторговые транспортные операции и логистика: Учебное пособие / Д. С. Николаев и др. - М.: «Анкил», 2008.
6. Гаджинский А.М. Логистика. Учебник. – М.:ИКЦ Маркетинг, 2001.
7. Гаджинский А. М. Практикум по логистике. - М.: ИВЦ "Маркетинг", 2001.
8. Голиков Е. А. Маркетинг и логистика. - М.: ИД "Дашков и К°", 2009.
9. Гордон М. П., Карнаухов С. Б. Логистика товародвижения.- М.: Центр экономики и маркетинга, 2008.
10. Залманова М. Е. и др. Производственно-коммерческая логистика. - Саратов: Саратовский гос. техн. ун-т, 2005.
11. Зубков Г. С. и др. Торговая логистика: Учебное пособие. Ростов н/Д., 2007.
12. Колобов А. А., Омельченко И. Н. Основы промышленной логистики: Учебное пособие. - М.: Изд-во МГТУ им. Н. Э. Баумана, 2008.
13. Костоглодов Д. Д., Саввиди И. И., Стаханов В. Н. Маркетинг и логистика фирмы - М.: ПРИОР, 2000.
15. Линдере М. Р., Фирон Х. Е. Управление снабжением и запасами: Логистика / Пер. с англ. - СПб.: Полигон, 1999.
16. Логистика: Учебник / Под ред. Б. А. Аникина. 2-е изд., перераб. и доп. - М.: Инфра - М, 2000.

Қосымша әдебиет

1. Балгин Р. Интегральный инструмент бизнеса – логистика // Технологии управления . - №9. – 2003. – С.24-26.
2. Под.ред. Миротина Л. П.. Транспортная логистика // М.: Экзамен, 2004.- 512с.
3. Концепция развития автодорожной отрасли РК до 2008 года. Астана, 2002
4. Программа реструктуризации железнодорожного транспорта РК на 2001-2005 годы. – Астана, 2002
5. Концепция государственной транспортной политики РК на период до 2008 года . – Астана, 2003
7. Неруш Ю. М. Логистика: Учебник для вузов. 2-е изд., перераб. и доп.- М.: ЮНИТИ: ДАНА, 2010.
8. Новиков О. Л., Уваров С. А. Логистика: Учебное пособие. - СПб.: ИД "Бизнес-пресса», 2005.
9. Основы логистики: Учебное пособие / Под ред. Л. Б. Миротина и В.И. Сергеева. М.: Инфра-М, 2009.
11. Практикум по логистике: Учебное пособие / Под ред. Б. А. Аникина,- М.: Инфра-М, 2008.
12. Родников Л П .Логистика: Терминологический словарь. - М.: Инфра •М, 2000.
14. Сергеев В.И. Логистика в бизнесе: Учебник. - М : Инфра-М, 2017.
15. Чудаков А.Д. Логистика – М.: Изд. РДЛ, 2001.

6. Емтихан нәтижелерін бағалау шкаласы

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Балдардың сандық эквиваленті	% мәні	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз
I (Incomplete)	-	-	Пән аяқталмаған (GPA есептеу кезінде есептелінбейді)
P (Pass)	-	-	«Есептелінді» (GPA есептеу кезінде есептелінбейді)
NP (No Pass)	-	-	«Есептелінбейді» (GPA есептеу кезінде есептелінбейді)
W (Withdrawal)	-	-	«Пәннен бас тарту» (GPA есептеу кезінде есептелінбейді)
AW (Academic Withdrawal)			Пәннен академиялық себеп бойынша алып тастау (GPA есептеу кезінде есептелінбейді)
AU (Audit)	-	-	«Пән тыңдалды» (GPA есептеу кезінде есептелінбейді)
Атт-ған		30-60 50-100	Аттестатталған
Атт-маған		0-29 0-49	Аттестатталмаған
R (Retake)	-	-	Пәнді қайта оқу

Емтихан жұмыстарын бағалау 100-баллдық шкала бойынша білім алушының жауабының толықтығымен анықталады:

Баға	Критерийлер	Шкала, балл
А Өте жақсы	<p>1. Барлық теориялық сұрақтарға толық және нақты жауап береді және дайындық бағыты бойынша іргелі ғылыми негіздемесі берілген.</p> <p>2. Басқару процесінде басқару қызметін жүйелік тұрғыдан түсінген және сыни талдау, жаңа және күрделі идеяларды бағалау шеберлігін көрсетеді.</p> <p>3. Ұйымда пайда болған басқарушылық мәселелерді тиімді шешу дағдыларын көрсетеді және тәжірибелік тапсырмалар толық шешіледі.</p> <p>4. Басқару саласында заманауи ғылыми және тәжірибелік мәселелерді қалыптастыра және шеше біледі.</p>	95-100
А- Өте жақсы	<p>1. Барлық теориялық сұрақтарға толық және нақты жауап береді;</p> <p>2. Менеджмент аясында тәжірибелік тапсырмалар толық шешіледі.</p> <p>3. Материал логикалық дұрыс құралған және берілген.</p> <p>4. Зерттеу және басқарушылық қызметті жүзеге асыра алатыны жауаптардан байқалады.</p>	90-94
В+ жақсы	<p>1. Барлық теориялық сұрақтарға дұрыс, бірақ толық емес жауап, ұйымды басқаруға қатысты өте маңызды емес қателіктер мен анықтамаларда дәлдіктің жетіспеушілігі.</p> <p>2. Тәжірибелік тапсырмаларға дұрыс және басқарушылық мәселелерді өз деңгейінде шеше біледі, бірақ оларды шешуде аса маңызды емес қателіктер бой алдырды.</p> <p>3. Ұйымда пайда болған басқарушылық мәселелерді шешу үшін және ғылыми міндеттерді қою үшін жаңа әлеуметтік білім мен дағдылар көрсетілді.</p>	85-89
В жақсы	<p>1. Барлық теориялық сұрақтарға дұрыс, бірақ толық емес жауап, ұйымды басқаруға қатысты маңызды емес қателіктер мен анықтамаларда дәлдіктің жетіспеушілігі.</p> <p>2. Тәжірибелік тапсырмаларға дұрыс және басқарушылық мәселелерді өз деңгейінде шеше біледі, бірақ оларды шешуде маңызды емес қателіктер бой алдырды.</p>	80-84

	3. Материал логикалық дұрыс құралған және берілген, бірақ емес қателіктер бой алдырды.	
В- жақсы	1. Барлық теориялық сұрақтарға дұрыс, бірақ толық емес жауап, менеджментке қатысты маңызды емес қателіктер мен анықтамаларда дәлдіктің жетіспеушілігі. 2. Тәжірибелік тапсырмаларға дұрыс және басқарушылық мәселелерді өз деңгейінде шеше біледі, бірақ оларды шешуде қателіктер бой алдырды. 3. Материал логикалық дұрыс құралған және берілген, бірақ қателіктер бой алдырды.	75-89
С+ қанағаттанар лық	1. Барлық теориялық сұрақтарға негізінде дұрыс, бірақ толық емес жауап, логикалық маңызды емес қателіктер орны алды. 2. Тәжірибелік тапсырмалар орындалған, бірақ толық емес, алайда көп бөлігі шешілген. 3. Материал дұрыс берілген, бірақ логикалық құрылымы бұзылған.	70-74
С қанағаттанар лық	1. Барлық теориялық сұрақтарға жауап берілген, бірақ толық емес жауап, логикалық қателіктер орны алды. 2. Тәжірибелік тапсырмалар толық орындалмаған. 3. Материал берілген, бірақ логикалық құрылымы бұзылған.	65-69
С- қанағаттанар лық	1. Барлық теориялық сұрақтарға жауап берілген, бірақ толық емес жауап, басқарушылық қызметтің мәнін ашпайды, логикалық қателіктер орын алды. 2. Тәжірибелік тапсырмалар орындалмаған; 3. Материал логикалық тұрғыдан бұзылған.	60-64
D+ қанағаттанар лық	1. Барлық теориялық сұрақтарға жауап беруде көп қателіктер бар. 2. Тәжірибелік тапсырмалар орындалмаған; 3. Жауап беруде грамматикалық және терминалогиялық, логикалық қателіктер орын алды.	55-59
D қанағаттанар лық	1. Барлық теориялық сұрақтарға жауап беруде жол берілмейтін қателіктер бар. 2. Тәжірибелік тапсырмалар орындалмаған; 3. Жауап беруде грамматикалық және терминалогиялық, логикалық қателіктер орын алды.	50-54

F қанағаттанар лықсыз	1. Барлық теориялық сұрақтарға жауап беруде жол берілмейтін қателіктер бар. 2. Тәжірибелік тапсырмалар орындалмаған және ақпаратты өңдей алмайтындығы анық.	0-49
-----------------------------	--	------